С.Сейфуллиннің 120 жылдығына арналған **«Сейфуллин оқулары–10: Мемлекеттің индустриалды–инновациялық саясатын құрудағы бәсекеге қабілетті кадрларды дайындау келешегі мен ғылымның рөлі»** атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения–10: Новые перспективы подготовки конкурентоспособных кадров и роль науки в формировании индустриально-инновационной политики страны»,** посвященная 120-летию со дня рождения С.Сейфуллина**.** – 2014. – Т.I, ч.2. – Б.12-13

МИНЕРАЛДЫ ТЫҢАЙТҚЫШТАРДЫ ЕҢГІЗУДІҢ МАҢЫЗЫ

Каспаков Е.Ж., Исмагулова В.Ж.

Қазақстанның басты байлығы – алтын дән астығы. Егіншілікті табысты жүргізудің маңызды элементтерінің бірі - ауыл шаруашылығы өндірісін ұтымды жүргізуге және жыртылған жердің жоғары өнімділігін сақтауға жол беретін топырақтың құнарлылығын ұдайы арттыру болып табылады.

Тыңайтқыштардың теңгерімделінген жүйесін топырақты өңдеумен және егінді дұрыс себумен бірге қолдану ауыл шаруашылығы дәнді дақылдарды жоғары өнімі алу және топырақтың құнарлылығын арттыру үшін жағдай туғызуға жол береді.

Әлемдік минералдық шикізат нарығының жалпы жай-күйі қазіргі уақытта мына факторлармен сипатталады:

- нарық мейлінше қанық және ұзақ мерзімді жеткізулерге бағдарланған
- сату бағасы мен көлемін халықаралық картельдер қатаң бақылайды;
- дамушы елдердің нарығына шығуға байланысты бәсекелестік күшейіп келеді;
- нарық әлемдік стандарттарға жауап беретін жоғары технологиялы минералдық-шикізаттық өнімге бағдарланған.

Агрохимиялық зерттеулердің нәтижелері мынаны көрсетеді: біздің облыстың топырағы фосфордың қозғалмалы нысанын ұстаудың төменгі және орта деңгейімен сипатталады, бұл ауыл шаруашылығы дәнді дақылдардың өнімділігіне жағымсыз әсерін тигізеді. Егер, азоттың құрамы топырақты өңдеудің қабылдаулармен, өнімді ылғалдың қорымен реттелсе, фосфор тыңайтқыштарын қолдану көлеміне байланысты (аммофос, жай және қоспалы суперфосфат, фосфорит ұны).

Егіннің едәуір қалдығы егістік алаңдарында қалса, онда азоттың рөлі арта түседі және суперфосфаттың орнына жаздық бидайды сүрі жерге нақты салмақта 40-50 кг-нан аммофосты ұтымды енгізу керек, бұл өнімді гектарына 8,5 центнерге дейін қосуға қамтамасыз етеді (Солтүстік Қазақстан ауыл шаруашылығы РМК, тәжірибе станциясының мәліметтері). Тыңайтқыштарды сүрі жерге ұзақ мерзімде енгізе аламыз: сүрі жерді бірінші өңдеуден алдын ала егін себуді өңдеуге дейін. Тыңайтқыштың біркелкі енгізілмеуі 40-60% болғанда бидайдың өнімділігі 7-10% - ға, ал 80% болғанда 15% - ға төмендейді. Босаған қара жерді тыңайтқышпен қоректендіру кез келген кіші шаруашылықтың қолынан келе бермейді, бұның себебі техниканың, қаражаттың жетіспеуі. Мәселені шешу мақсатында, минералдық тыңайтқыштардың әр түрлі күмбездерін бұзуға және олардың себуші

органдарға түсуін қамтамасыз ететін сепкіштердің жаңа түрлерін іздестіруге арналған ғылыми еңбектерді жүргізу аса өзекті мәселе болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасында минералдық шикізат кешенін дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 1530 Қаулысы

2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 17 қаңтар